| | |
|---|---|
| | **«Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ** |
| | **САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ** |
| | **Іс-әрекет тәртібі туралы ереже** |

**БЕКІТЕМІН**
«Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Ректоры
_____ Л.К. Байболова
«__» 10 20 26 ж.

# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫННАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ
# ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.5-2026-40

**КЕЛІСІЛДІ**
«Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
АСж проректоры
_____ Э.Б. Аскарбеков
«12» 10 2026 ж.

**Астана, 2026**

| | | |
|---|---|---|
| **Нұсқа: 2.0** | **БД:** | **ЭҚА бойынша тіркеу № 01-4-4_____** |

## АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ережені «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ білім беру бағдарламалары басқармасы мен Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі әзірледі.

Осы Ережені ректор титулдық параққа жеке қолын қою арқылы бекітеді.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ-ның сапа менеджменті жүйесіне байланысты қызметті жүзеге асыратын барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.

Осы Ережеге мерзімдік тексеруді жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы үш жылдан аспайтын аралықпен жүргізеді.

Осы Ережеге өзгерістер оны «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Құжаттаманы басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы жауапты болады.

2025 жылғы 18 маусымдағы «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы ереже» ҚазТБУ-ББББ-ҚБЕ-8.1/8.3-2025-40 күші жойылған деп есептелсін.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз..... 2
1. Терминдер мен анықтамалар..... 4
2. Пайдаланылған қысқартулар мен белгілеулер..... 5
3. Жалпы ережелер..... 5
4. Магистратураға қабылдау ережелері..... 6
5. Оқу нәтижелеріне бағытталған білім беру бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар..... 8
6. Магистранттың оқу жүктемесінің ең төменгі көлеміне қойылатын талаптар..... 10
7. Магистранттың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар..... 11
8. Магистратурада оқу мерзіміне қойылатын талаптар ..... 11
9. Аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу..... 12
10. Үдеріспен байланысты тәуекелдер және олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар..... 13
11. Жауапкершілік және өкілеттіктер..... 13
12. Қосымшалар..... 16
Магистранттың жеке жұмыс жоспарының нысаны Н.ББББ-8.5-2026-40-01 (міндетті)..... 16
Келісу парағы Н.СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)..... 22
Танысу парағы Н.СДД-7.5-2026-01-03 (міндетті)..... 22
Өзгерістерді тіркеу парағы Н.СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)..... 23
Мерзімді тексеру жазбалары парағы Н.СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)..... 23

## 1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

| Термин | Анықтамасы |
|---|---|
| **ЖОО компоненті (ЖООК)** | Білім беру бағдарламасын меңгеруге арналған, жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндері мен сәйкес академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі. |
| **Жеке оқу жоспары** | Білім алушының бүкіл оқу кезеңіне арналған, білім беру бағдарламасы негізінде ғылыми жетекшінің басшылығымен дербес жасалатын жұмыс жоспары. |
| **Таңдау компоненті (ТК)** | Жоғары оқу орны ұсынатын, білім алушылардың академиялық кезеңдерде пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып еркін таңдайтын оқу пәндері мен академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі. |
| **Құзыреттер** | Оқу процесі барысында алынған білімді, біліктер мен дағдыларды кәсіби қызметте іс жүзінде қолдану қабілеті. |
| **Магистратура** | Кемінде 60–120 академиялық кредит көлемінде білім беру бағдарламаларын меңгеруді міндетті түрде көздейтін, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесін беру арқылы кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі. |
| **Магистрант** | Магистратурада білім алушы тұлға. |
| **Магистр** | Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже. |
| **Магистрлік диссертация** | Ғылыми-педагогикалық магистратураның магистрантының бітіру жұмысы. Таңдап алынған білім беру бағдарламасы шеңберінде өзекті мәселені теориялық және/немесе практикалық тұрғыдан зерттеуге арналған, қазіргі заманғы ғылыми-әдістемелік және технологиялық жетістіктерге негізделген дербес ғылыми зерттеу. |
| **Магистрлік жоба** | Бейіндік магистратураның магистрантының бітіру жұмысы. Таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша өзекті мәселені шешуге бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелерді қамтитын қолданбалы сипаттағы дербес зерттеу. |
| **Ғылыми-зерттеу жұмысы** | Бар білімді кеңейту және жаңасын алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, ғылыми қорытындылар жасау және жобаларды ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіс, зерттеу мен тәжірибелер жүргізуге байланысты жұмыс. |
| **Білім беру бағдарламасы** | Оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін, оқу мақсаттарын, нәтижелерін, мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен әдістерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені. |
| **Міндетті компонент** | Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен айқындалатын, білім беру бағдарламасы шеңберінде білім алушылар міндетті түрде оқитын оқу пәндері мен академиялық кредиттердің ең төменгі көлемдерінің тізбесі. |
| **Плагиат** | Өзге автордың мәтінін толықтай немесе ішінара иемдену және оны өз атынан пайдалану. |

| | |
|---|---|
| **Жұмыс оқу жоспары** | Білім беру бағдарламасы мен білім алушылардың жеке оқу жоспарлары негізінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі дербес әзірлейтін оқу құжаты. |

## 2. ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

| Қысқарту | Мағынасы |
|---|---|
| **АК** | Аттестаттау комиссиясы |
| **ЖОО компоненті** | Жоғары оқу орны компоненті |
| **ЖОО** | Жоғары оқу орны |
| **МЖМБС** | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты |
| **МЖЖЖ** | Магистранттың жеке жұмыс жоспары |
| **ЖОЖ** | Жеке оқу жоспары |
| **НҚ** | Негізгі құзыреттер |
| **ЭПК** | Элективті пәндер каталогы |
| **ҚР ҒЖБМ** | Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| **МҒЗЖ** | Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы |
| **ҒТК** | Ғылыми-техникалық кеңес |
| **МК** | Міндетті компонент |
| **ББ** | Білім беру бағдарламасы |
| **ББББ** | Білім беру бағдарламалары басқармасы |
| **ЖОКБ** | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім |
| **ЖОКББ** | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі |
| **ПОҚ** | Профессор-оқытушы құрамы |
| **СДД** | Стратегиялық даму департаменті |
| **СМЖ** | Сапа менеджменті жүйесі |
| **СМЖБ** | Сапа менеджменті жүйесі бөлімі |
| **ҒК** | Ғылыми кеңес |
| **ОӘК** | Оқу-әдістемелік кеңес |
| **ОӘБ** | Оқу-әдістемелік бөлім |
| **Университет** | «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» акционерлік қоғамы |
| **МЭҒЗЖ** | Магистранттың эксперименталды-ғылыми-зерттеу жұмысы |

## 3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР ЖӘНЕ РӘСІМ СИПАТТАМАСЫ

3.1 Осы Ереже даярлаудың барлық бағдарламалары бойынша рәсімдердің құрылымына, ресімдеу қағидаларына және ұйымдастырылуына қойылатын жалпы талаптарды белгілейді. Ереже «Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Университет) магистранттарына, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің (бұдан әрі – ЖОКББ) қызметкерлеріне арналған.

3.2 Осы Ережені жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға және іске асыруға қатысатын Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары міндетті түрде орындауға тиіс.

3.3 Ереже Университетте қабылданған құжаттама жиынтығына кіреді.

3.4 «Қ. Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-ның Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім

министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтары мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

3.5 Ереже Университетте оқытудың кредиттік технологиясы шеңберінде магистрлер даярлау жөніндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын, оның ішінде ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратураның білім беру бағдарламаларын іске асырудың міндетті талаптары мен тәртібін айқындайды.

3.6 Ереже жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың өмірлік цикліне қатысатын барлық құрылымдық бөлімшелердің, оның ішінде факультеттердің, кафедралардың, қаржылық және ғылыми бөлімшелердің орындауы үшін міндетті болып табылады.

3.7 Университеттің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру саласындағы білім беру саясатының негізгі міндеті – ғылыми-зерттеу қызметі мен оқытуды білім беру процесіне интеграциялау, сондай-ақ пәнаралық және құзыреттілік тәсіл қағидаттары негізінде оқытудың кредиттік технологиясын қолдану арқылы отандық және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, тереңдетілген кәсіптік даярлығы бар жоғары білікті мамандарды – магистрлерді даярлау.

3.8 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдастырушылық бірлік факультеттің бітіруші кафедрасы болып табылады. Университет деңгейінде магистратураның білім беру процесін іске асыруды үйлестіруді және бақылауды Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі жүзеге асырады.

3.9 Магистратураның білім беру бағдарламаларын іске асыру бітіруші кафедралардың ғылыми зерттеулерінің тақырыптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

3.10 Магистратураға қабылдау жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3.11 Магистрлерді даярлау мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде, сондай-ақ Университет пен білім беру қызметтеріне тапсырыс беруші арасында жасалатын ақылы оқыту шарты негізінде жүзеге асырылады.

## 4. МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) магистранттарды қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

4.2 Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі бойынша тестті (ағылшын, неміс немесе француз тілін таңдау бойынша), білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестті және оқуға дайындығын анықтауға арналған тестті қамтитын кешенді тестілеуді (бұдан әрі – КТ) қазақ немесе орыс тілінде тапсырады.

Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейіндік магистратураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестті қамтитын КТ тапсырады.

Ағылшын тілінде оқытатын бейіндік магистратураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша ағылшын тіліндегі тестті қамтитын КТ тапсырады.

КТ-ға қатысу үшін тіркелу түсушінің Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі – ҰТО) цифрлық жүйесіндегі жеке кабинеті арқылы жүзеге асырылады.

Кешенді тестілеудің сынақ нұсқасы ҰТО сайтында қолжетімді.

Ғылыми-педагогикалық магистратура үшін шекті балдар:

білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін – 75 балл;

ақылы негізде оқу үшін – 75 балл.

Бейіндік магистратура үшін шекті балдар:

- білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін – 30 балл;
- ақылы негізде оқу үшін – 30 балл.

Мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау конкурсында білім беру бағдарламаларының бір тобын және үш ЖЖОКБҰ-ны таңдауға болады.

4.3 Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

түсушілерге магистратураның таңдалатын білім беру бағдарламалары тобы бойынша консультация беруді, КТ және шығармашылық емтихан рәсімімен таныстыруды;

магистратураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша шығармашылық емтихан өткізуді ұйымдастыруды;

магистратураға түсушілердің құжаттарын қабылдауды және тексеруді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Магистратураға түсуші тұлғалардан өтініштерді қабылдау ЖЖОКБҰ-лардың қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның цифрлық жүйесі арқылы мынадай мерзімдерде жүзеге асырылады:

күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 8 шілдесіне дейін;

күнтізбелік жылдың 28 қазанынан 10 қарашасына дейін.

Шет тілін меңгергенін растайтын IELTS, TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung, TFI (Test de Français International™), DELF (Diplôme d'Études en Langue Française), DALF (Diplôme Approfondi de Langue Française), TCF (Test de connaissance du français) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар КТ-ға қатысуға өтініш берген және конкурсқа қатысқан кезде сертификат деректерін электрондық форматта енгізеді.

Магистратураға КТ мынадай мерзімдерде өткізіледі:

- күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін;
- күнтізбелік жылдың 18 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

Магистратураға қабылдау мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

- күнтізбелік жылдың 15–28 тамызы аралығында;
- күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

4.4 Шетелдіктерді магистратураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі білімді тегін алу тәртібі, магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Шетел азаматтарын Университетке ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде Университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқуға қабылданғаннан кейін бірінші академиялық кезең ішінде тану рәсімінен өтеді. Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тіліндегі нотариат куәландырған аудармасымен бірге ұсынылады.

4.5 Мерзімді әскери қызмет өткерген тұлғаларды мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде ақылы негізде бейіндік магистратураға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде Университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша, түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

КТ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі айқындаған КТ өткізу пункттерінде өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталатын электрондық сертификат беріледі.

Түсу (шығармашылық) емтихандары мен КТ-ны оларды тапсыру кезеңінде қайта тапсыруға жол берілмейді.

4.6 Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау Қағидаларға 7-қосымшаға (бұдан әрі – 7-қосымша) сәйкес қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға арналған КТ нәтижелерін бағалаудың 150 балдық жүйесінің шәкілі бойынша жүзеге асырылады: кемінде 75 балл, оның ішінде шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, бірінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейіндік пән бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл.

Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейіндік магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау Қағидаларға 7-1-қосымшаға (бұдан әрі – 7-1-қосымша) сәйкес бейіндік магистратураға арналған кешенді тестілеу нәтижелерін бағалаудың 70 балдық жүйесінің шәкілі бойынша жүзеге асырылады: кемінде 30 балл, оның ішінде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша бірінші бейіндік пәннен – кемінде 7 балл және екінші бейіндік пәннен – кемінде 7 балл.

4.7 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурстық негізде КТ және (немесе) түсу емтиханы және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады:

- ғылыми-педагогикалық магистратураға – 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, оның ішінде шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша бірінші бейіндік пәннен – кемінде 7 балл, екінші бейіндік пәннен – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл;
- қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейіндік магистратураға – 7-1-қосымшаға сәйкес кемінде 30 балл, оның ішінде білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша бірінші бейіндік пәннен – кемінде 7 балл және екінші бейіндік пәннен – кемінде 7 балл.

4.8 Қабылдаудың үлгілік қағидаларында көзделген қолданыстағы халықаралық сертификаты бар тұлғалардың сертификат балдары белгіленген шәкілге сәйкес КТ-ның шет тілі бойынша тест балдарына ауыстырылады. Сертификат деректері КТ-ға және конкурсқа қатысуға өтініш беру кезінде енгізіледі.

Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ ЖЖОКБҰ-ға қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін Университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

## 5. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Магистратура бағдарламалары білім беру және ғылым жүйесін инновациялық жағдайларда кәсіби міндеттерді орындауға қабілетті және дербес ғылыми-зерттеу әрі басқарушылық қызметке дайын жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етуге бағытталған.

5.2 Магистратурада кадрлар даярлау білім беру қызметіне берілген лицензияға және оның қосымшаларына сәйкес кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Магистратураның білім беру бағдарламасының мазмұны:

базалық және бейіндеуші пәндер циклдерін зерделеуді қамтитын теориялық оқытудан;

магистранттарды практикалық даярлаудан – кәсіптік практикадан;

ғылыми-педагогикалық магистратура үшін магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысынан немесе бейіндік магистратура үшін магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік-зерттеу жұмысынан;

қорытынды аттестаттаудан тұрады.

Магистранттардың аудиториялық жұмысының өткізілу орны мен ұзақтығы академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекіткен сабақ кестесімен регламенттеледі. Теориялық оқыту академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

5.3 Базалық және бейіндеуші пәндер циклдері жоғары оқу орны компонентінің және таңдау компонентінің пәндерін қамтиды.

Білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – ББББ) қалыптастыру барысында, ең алдымен, жобаланатын ББ-ның жалпы сипаттамалары айқындалады. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау кезінде еңбек нарығының негізгі талаптары, жұмыс берушілердің сұраныстары және магистранттардың мүдделері ескеріледі.

5.4 Тиісті бағыттар бойынша магистратураның білім беру бағдарламаларының құрылымы Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

5.5 Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығына ие жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдарға арналған ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырады.

5.6 Бейіндік бағыттағы магистратура тереңдетілген кәсіптік даярлыққа ие экономика, медицина, құқық, білім беру, өнер, қызмет көрсету және бизнес салалары, қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласы, сондай-ақ құқық қорғау қызметі үшін басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асырады.

5.7 Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы теориялық оқытумен қатар немесе жеке кезеңде өткізілетін практиканың екі түрін қамтиды:

базалық пәндер цикліндегі педагогикалық практика;

бейіндеуші пәндер цикліндегі зерттеу практикасы.

Педагогикалық практика оқыту және сабақ беру әдістемесі бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Бұл ретте магистранттар ЖЖОКБҰ-ның қалауы бойынша бакалавриатта сабақ өткізуге тартылады.

Магистранттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерімен таныстыру мақсатында өткізіледі.

5.8 Бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы бейіндеуші пәндер цикліндегі өндірістік практиканы қамтиды.

Бейіндеуші пәндер цикліндегі өндірістік практика оқу процесінде алынған теориялық білімді бекіту, магистратураның игеріліп жатқан білім беру бағдарламасы бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттерді және кәсіби қызмет тәжірибесін меңгеру, сондай-ақ озық тәжірибені игеру мақсатында өткізіледі.

Зерттеу (өндірістік) практикасының мазмұны диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбымен айқындалады.

5.9 Магистранттың ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (бұдан әрі – МҒЗЖ (МЭЗЖ)) шеңберінде магистрантты инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен таныстыру мақсатында оның жеке жұмыс жоспарында ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет салаларындағы ұйымдарда міндетті ғылыми тағылымдамадан өту көзделеді.

Ғылыми тағылымдамадан өту орны білім беру бағдарламасының ғылыми бағытына және зерттеу тақырыбына сәйкес келеді. Ғылыми тағылымдаманың ұзақтығы кемінде 14 күнтізбелік күнді құрайды.

МҒЗЖ (МЭЗЖ) оқу жұмысының басқа түрлерімен қатар немесе жеке кезеңде жоспарланады. Ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының нәтижелерін магистрант әрбір өту кезеңінің соңында есеп түрінде ресімдейді.

5.10 Магистрант жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін жеке жұмыс жоспарының орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді.

5.11 Магистранттың ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесі магистрлік диссертация (жоба) болып табылады.

5.12 Магистрлік диссертацияның (жобаның) негізгі нәтижелері кемінде бір жарияланымда және (немесе) ғылыми-практикалық конференциядағы бір баяндамада ұсынылады.

5.13 Магистрлік диссертациялардың (жобалардың) құрылымына, мазмұнына және ресімделуіне қойылатын міндетті талаптар Магистрлік диссертация (жоба) туралы ережемен айқындалады.

5.14 Бейіндік магистратураны бітірген магистр педагогикалық бейіндегі магистратураның білім беру бағдарламасын қосымша меңгергеннен кейін педагогикалық қызметті жүзеге асырады.

5.15 Бейіндік магистратураны бітірген тұлғаларға арналған педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының мазмұны осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

5.16 Педагогикалық бейіндегі магистратураның білім беру бағдарламасын аяқтаған бейіндік бағыттағы магистрге негізгі дипломға тиісті куәлік беріледі. Педагогикалық бейіндегі магистратураның білім беру бағдарламасын меңгергені туралы куәліктің нысанын ЖЖОКБҰ дербес айқындайды және оны меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан барлық ЖЖОКБҰ міндетті түрде таниды.

5.17 Қорытынды аттестаттау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттардағы магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 8 академиялық кредитті құрайды және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау нысанында өткізіледі.

5.18 Қорытынды аттестаттаудың мақсаты магистратураның білім беру бағдарламасын меңгеру аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқыту нәтижелері мен игерілген құзыреттерді бағалау болып табылады.

5.19 Магистратурада кадрлар даярлау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Оқуға түсу кезінде магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейінімен сәйкес келген жағдайда алдыңғы білім деңгейіндегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады. Магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейінімен сәйкес келмеген жағдайда магистрантқа ақылы негізде меңгеруге арналған пререквизиттер белгіленеді.

## 6. МАГИСТРАНТТЫҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ТӨМЕНГІ КӨЛЕМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Оқу жүктемесі магистранттың оқу пәнін, модульді немесе магистратураның бүкіл білім беру бағдарламасын меңгеруіне және магистратураның білім беру бағдарламасында белгіленген оқыту нәтижелеріне қол жеткізуіне қажетті уақытпен өлшенеді.

6.2 Оқу жүктемесі магистранттың барлық оқу қызметін: дәрістерді, семинарларды, топтық сабақтарды, топтық жаттығуларды, практикалық сабақтарды, курстық жұмыстарды (жобаларды), практикалық және зертханалық жұмыстарды, студиялық сабақтарды, практиканы, ғылыми немесе кәсіптік тағылымдаманы, ғылыми-зерттеу жұмысын (эксперименттік-зерттеу жұмысын), магистрлік диссертацияны (жобаны) орындауды, сондай-ақ оқытушының жетекшілігімен орындалатын өзіндік жұмысты қоса алғанда, өзіндік жұмысты қамтиды.

6.3 Магистрант ғылыми жетекшінің басшылығымен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде білім алады.

6.4 Магистранттың жеке жұмыс жоспары бүкіл оқу кезеңіне жасалады және мынадай бөлімдерді қамтиды:

жеке оқу жоспары;

ғылыми-зерттеу, эксперименттік-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, орындау мерзімдері және есептілік нысаны);

практикадан өту жоспары (практика түрі, бағдарламасы, базасы, өту мерзімдері және есептілік нысаны);

негіздемесі мен құрылымы көрсетілген магистрлік диссертацияның (магистрлік жобаның) тақырыбы;

магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;

ғылыми жарияланымдар жоспары, ғылыми-практикалық (ғылыми-теориялық) конференцияларға қатысу жоспары;

ғылыми тағылымдамадан өту жоспары (бағдарламасы, базасы, өту мерзімдері және есептілік нысаны).

МЖЖЖ-ны ресімдеу үлгісі Қосымшаларда (Магистранттың жеке жұмыс жоспарының нысаны) келтірілген.

6.5 Оқу жылы академиялық кезеңдерден тұрады (семестр – 15 апта).

6.6 Бір оқу жылындағы толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитке сәйкес келеді және бір оқу жылында кемінде 1800 академиялық сағатты құрайды. Бұл ретте білім алушы бір семестр ішінде кемінде 30 академиялық кредитті меңгереді.

6.7 Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

6.8 Магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталғандығының негізгі өлшемшарты білім алушының:

ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, бүкіл оқу кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті;

бейіндік магистратурада 60 академиялық кредитті меңгеруі болып табылады.

## 7. МАГИСТРАНТТЫҢ ДАЯРЛЫҚ ДЕҢГЕЙІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Магистранттың даярлық деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің екінші деңгейіндегі (магистратура) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелерімен көрсетілген меңгерілген құзыреттерді сипаттайды.

Оқыту нәтижелері магистратураның бүкіл білім беру бағдарламасы деңгейінде де, жекелеген модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады.

7.2 Дескрипторлар білім алушының мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді:

1) зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде осы саладағы озық білімдерге негізделген зерттелетін саладағы дамып келе жатқан білім мен түсінікті көрсете білу;

2) жаңа ортада, неғұрлым кең пәнаралық контексте мәселелерді шешу үшін өз білімін, түсінігін және қабілеттерін кәсіби деңгейде қолдана білу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және оны интерпретациялауды жүзеге асыру;

4) мамандарға да, маман еместерге де ақпаратты, идеяларды, қорытындыларды, мәселелер мен шешімдерді анық әрі бірмәнді түрде хабарлау;

5) зерттелетін салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болуы.

7.3 Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған тұлғаларға Университет қосымшасы бар өзіндік үлгідегі білім туралы құжат береді.

## 8. МАГИСТРАТУРАДА ОҚУ МЕРЗІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Магистратурада оқу мерзімі меңгерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Магистр дәрежесін алу үшін академиялық кредиттердің белгіленген көлемі меңгеріліп, күтілетін оқыту нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда магистратураның білім беру бағдарламасы толық меңгерілген болып есептеледі.

8.2 Магистратурада кадрлар даярлау білім беру бағдарламалары негізінде екі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1) ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша – білім алушы кемінде 120 академиялық кредитті меңгереді, оқу мерзімі – 2 жыл;

2) бейіндік бағыт бойынша – білім алушы 60 академиялық кредитті меңгереді, оқу мерзімі – 1 жыл.

## 9. АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ

9.1 Аралық аттестаттау жазбаша, ауызша, тестілік немесе аралас нысандарда, сондай-ақ шығармашылық емтихан нысанында өткізіледі. Әрбір оқу пәні бойынша емтиханды (аралық аттестаттау кезінде) өткізу нысаны мен тәртібін кафедралар дербес айқындайды және белгіленген тәртіппен бекітіледі.

9.2 Магистрант Университеттен мынадай жағдайларда шығарылуы мүмкін:

1) академиялық үлгермеушілігі үшін;

2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;

3) Ішкі тәртіп қағидалары мен Университет Жарғысын бұзғаны үшін;

4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны, оның ішінде оқу ақысын төлемегені үшін;

5) өз қалауы бойынша.

9.3 Түлектерді қорытынды аттестаттау магистранттардың тиісті білім беру бағдарламасын меңгеру процесінде игерген оқыту нәтижелері мен құзыреттерін бағалауға бағытталған.

Магистранттарды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбеде көзделген мерзімдерде магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау нысанында өткізіледі. Қорытынды аттестаттауға жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарларының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған магистранттар жіберіледі.

9.4 Магистрлік диссертацияларды/жобаларды қорғау кестесі академиялық күнтізбеге сәйкес бекітіледі. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау АК мүшелерінің кемінде 2/3-сі қатысқан жағдайда оның ашық отырысында өткізіледі, кері жағдайда отырыс өткізілмейді.

9.5 Магистрлік диссертация/жоба плагиаттың бар-жоғына міндетті түрде тексеруден өтеді.

9.6 Магистрлік диссертацияларды/жобаларды ресімдеу тәртібі, мазмұнына және қорғау рәсімін ұйымдастыруға қойылатын талаптар кафедраларда әзірленген және бекітілген магистрлік диссертацияларды/жобаларды дайындау жөніндегі әдістемелік нұсқауларда көрсетіледі.

9.7 Магистрлік диссертациялардың / жобалардың құрылымына, мазмұнына және ресімделуіне қойылатын міндетті талаптар Магистрлік диссертация /жоба туралы ережемен айқындалады.

9.8 Бір магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау ұзақтығы 50 минуттан аспауға тиіс. Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау үшін магистрант АК алдында кемінде 15 минут баяндама жасайды.

9.9 Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау мыналар болған кезде жүзеге асырылады:

9.9.1 ғылыми жетекшінің оң пікірі;

9.9.2 зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланымның немесе ғылыми-практикалық конференцияда сөз сөйлеудің болуы;

9.9.3 бітіруші кафедраның қорғауға ұсыну туралы шешімі (кафедра отырысының хаттамасынан үзінді);

9.9.4 біліктілігі (ғылыми немесе академиялық дәрежесі) қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес келетін рецензенттің диссертацияға жан-жақты сипаттама және тиісті ББ

бойынша магистр дәрежесін беру мүмкіндігі туралы дәлелді қорытынды берілген бір рецензиясы.

9.10 Ғылыми жетекші және/немесе бітіруші кафедра «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берген жағдайда, магистрант магистрлік диссертацияны/жобаны қорғамайды. Рецензент теріс қорытынды берген жағдайда магистрлік диссертация/жоба қорғауға жіберіледі.

9.11 Магистрлік диссертацияны/жобаны қорғау нәтижелері әрбір магистрантқа жеке хаттамамен ресімделеді.

9.12 Әрбір жұмысты қорғау нәтижелері бойынша АК магистрантқа тиісті білім беру бағдарламасы бойынша магистр дәрежесін беру туралы шешім шығарады.

9.13 Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған магистрант Университет ректорының бұйрығымен "білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған: магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамаған" немесе "білім беру бағдарламасының талаптарын орындамаған" ретінде Университеттен шығарылады.

## 10. ҮДЕРІСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

| 10.1 Негізгі тәуекел | 10.2 Тәуекелдердің алдын алу бойынша әрекеттер |
|---|---|
| - білім беру бағдарламаларын іске асыруда ҚР ҒЖБМ-нің өзекті нормативтік талаптарына сәйкес келмеуі; | - заңнаманы үнемі қадағалау, ішкі нормативтік құжаттарды жаңарту, қызметкерлерді өзгерістер туралы оқыту; |
| - ғылым мен білімнің интеграциясының әлсіздігіне байланысты магистранттарды даярлау сапасының төмендеуі; | - ғылыми жобаларды оқу процесіне енгізу, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына (ҒЗЖ) белсенді қатысуын қамтамасыз ету; |
| - кафедра тарапынан білім беру бағдарламаларының мазмұны мен диссертация тақырыптарының сәйкестігін бақылаудың әлсіздігі; | - есептілік мерзімдерін бекіту, МҒЗЖ, МЭЗЖ тақырыптары мен орындалуын бақылау, кафедра отырыстарын жүйелі өткізу. |

## 11. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

11.1 Ережені Ректор бекітеді және ол бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

11.2 Осы Ереженің орындалуы мен қолданылуын қамтамасыз ету бойынша құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі мен өкілеттіктерін бөлу мынадай тәртіппен белгіленеді:

| Құрылымдық бөлімше | Өкілеттіктері |
|---|---|
| **Ректор** | - осы Ережені және оған енгізілетін өзгерістерді бекітеді;<br>- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұйымдастыру және дамыту мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды. |
| **АСж проректор** | - магистратурадағы білім беру процесін ұйымдастыруға жалпы басшылықты жүзеге асырады;<br>- құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіреді;<br>- Қазақстан Республикасы заңнамасының, МЖМБС-ның, білім беру бағдарламаларының және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарының сақталуын бақылайды. |
| **СМЖБ** | - осы Ережеге ішкі нормативтік құжат ретінде әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асырады;<br>- оның ресімделуін, тіркелуін, өзектендірілуін және СМЖ талаптарына сәйкестігін бақылайды. |

| | |
|---|---|
| **ББББ** | - магистратураның білім беру бағдарламаларын әзірлеуді, өзектендіруді және іске асыруды үйлестіреді;<br>- білім беру процесін жоспарлауға әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;<br>- білім беру бағдарламаларын іске асыру мәселелері бойынша ЖОКББ, факультеттер мен бітіруші кафедралардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады. |
| **ЖОКББ** | - магистратурадағы білім беру процесін үйлестіреді;<br>- белгіленген өкілеттіктер шегінде оқу процесін жоспарлауды, жұмыс оқу жоспарлары мен академиялық күнтізбені қалыптастыруды, оқу жүктемесін есептеуді және бөлуді жүзеге асырады;<br>- жеке жұмыс жоспарларының орындалуын, практикадан және ғылыми тағылымдамадан өтуді, МҒЗЖ және МЭЗЖ жүргізуді, аралық және қорытынды аттестаттауды бақылайды;<br>- осы Ереже талаптарының сақталуына мониторинг жүргізеді;<br>- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мәселелері бойынша өкімдік және өзге де құжаттардың жобаларын дайындайды. |
| **Факультет декандары** | - факультетте магистратура бағдарламалары бойынша білім беру процесін ұйымдастыруды және бақылауды қамтамасыз етеді;<br>- бітіруші кафедралардың қызметін үйлестіреді. |
| **Бітіруші кафедралар** | - магистратураның білім беру бағдарламаларын тікелей іске асыруды қамтамасыз етеді;<br>- білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеуге және өзектендіруге қатысады. |
| **Магистранттардың ғылыми жетекшілері** | - магистранттарға ғылыми жетекшілікті жүзеге асырады;<br>- жеке жұмыс жоспарларын жасауға қатысады және олардың орындалуын бақылайды;<br>- зерттеу жүргізу, жарияланымдар дайындау, ғылыми тағылымдамадан өту және магистрлік диссертацияны немесе жобаны орындау мәселелері бойынша консультация береді;<br>- МҒЗЖ немесе МЭЗЖ нәтижелерін бағалайды;<br>- жұмыстың дайын екендігі және магистрантты қорғауға жіберу мүмкіндігі туралы қорытынды ұсынады. |
| **Қабылдау комиссиясы** | - құжаттарды қабылдауды және оқуға түсушілерге консультация беруді ұйымдастырады;<br>- заңнамада көзделген жағдайларда әңгімелесулердің, түсу және шығармашылық емтихандардың өткізілуін қамтамасыз етеді;<br>- ұсынылған құжаттар мен сертификаттарды тексереді;<br>- магистратураға қабылдаудың белгіленген қағидалары мен мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз етеді. |
| **Аттестаттау комиссиясы** | - магистранттарды қорытынды аттестаттаудан өткізеді;<br>- оқыту нәтижелерін және магистрлік диссертациялар мен жобалардың сапасын бағалайды;<br>- білім беру бағдарламасына сәйкес қорғау нәтижелері және магистр дәрежесін беру туралы шешімдер қабылдайды. Отырыс хаттамаларының ресімделуін қамтамасыз етеді. |

| | |
|---|---|
| **Магистранттар** | - білім беру бағдарламасының, жеке оқу жоспарының және жеке жұмыс жоспарының талаптарын орындайды;<br>- практикадан, ғылыми тағылымдамадан, аралық және қорытынды аттестаттаудан уақтылы өтеді;<br>- МҒЗЖ немесе МЭЗЖ орындайды;<br>- академиялық адалдық қағидаттарын және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтайды. |

11.3 Осы нормативтік құжатқа өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының жаңа талаптарының қабылдануын ескере отырып, қажеттілігіне қарай енгізіледі.

## ҚОСЫМШАЛАР

**Н.ББББ-8.5-2026-40-01 (міндетті)**

## МАГИСТРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ НЫСАНЫ

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**
**Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан**

**Қ. Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ**
**АО «Казахский университет технологии и бизнеса имени К. Кулажанова»**

**«Келісілді» / «Согласовано»**
Кафедра меңгерушісі
Заведующий кафедрой

_____
Ф.И.О. /Аты-жөні Қолы / Подпись
«_____» _____ 20_____ ж./г.

**«Бекітемін»/«Утверждаю»**
Академиялық сұрақтар жөніндегі
проректор / Проректор по академическим вопросам
Аскарбеков Э.Б._____
«_____» _____ 20____ ж./г

## МАГИСТРАНТТЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ
## ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ ПЛАН РАБОТЫ МАГИСТРАНТА

_____
*Аты-жөні /Фамилия, Имя, Отчество*

Факультет _____

Білім беру бағдарламасы/
Образовательная программа: _____
*Код – Атауы/ Код - Наименование*

Оқу бағыты/
Направление обучения: _____

Ғылыми жетекші/
Научный руководитель _____
*ғылыми дәрежесі, атағы, АТЖ/ уч.степень, уч.звание, Ф.И.О.*

Магистрлік диссертацияның тақырыбы/
Тема магистерской диссертации: «_____
_____»

Оқу мерзімі/
Срок обучения 202__ ж/г. – 202___ ж/г.

## I. МАГИСТРАНТТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ/ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ
## НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ/ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ РАБОТА МАГИСТРАНТА

| № | Тақырыбы<br>Тема | Зерттеу бағыты<br>Направление исследования | Мерзімі<br>Сроки | Есеп беру нысаны<br>Форма отчетности |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |

## II. ПРАКТИКАЛАРДАН ӨТУ ЖОСПАРЫ
## ПЛАН ПРОХОЖДЕНИЯ ПРАКТИК

| № | Практика түрі<br>Вид практики | Практика бағдарламасы<br>Программа практик | Өту базасы<br>База прохождения | Мерзімі<br>Сроки прохождения | Есеп беру нысаны<br>Форма отчетности |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |
| 2. | | | | | |

## III. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ/ЖОБАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ
## ТЕМА МАГИСТЕРСКОЙ ДИССЕРТАЦИИ/ПРОЕКТА

«_____»

Ғылыми кеңесімен бекітілді («_____»_____20__ж. №_____хаттама)
Утверждено Ученым Советом (протокол № _____ от «____» _____ 20___г.)

**Диссертацияның тақырыбын таңдау негіздемесі**
**Обоснование выбора темы диссертации**

**Өзектілігі**
**Актуальность:** _____

**Мақсаты**
**Цель:** _____

**Міндеттері**
**Задачи:**_____

**Жаңалығы**
**Новизна:**_____

**Ғылыми және практикалық маңыздылығы**
**Научная и практическая значимость:**_____

**Магистрлік диссертацияның (магистрлік жоба) құрылымы**
**Структура магистерской диссертации (магистерского проекта):** *обложка; титульный лист; содержание; нормативные ссылки; определения, обозначения и сокращения; введение; основная часть; заключение; список использованных источников; приложения.*

## IV. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ/ЖОБАНЫ ОРЫНДАУ ЖОСПАРЫ
## ПЛАН ВЫПОЛНЕНИЯ МАГИСТЕРСКОЙ ДИССЕРТАЦИИ/ПРОЕКТА

| Жұмыстың көлемі және қысқаша мазмұны<br>Краткое содержание и объем работы | Орындау мерзімі және есеп беру нысаны<br>Срок выполнения и формы отчетности |
|---|---|
| | |
| | |
| | |

## V. ҒЫЛЫМИ ЖАРИЯЛАНЫМДАР ЖОСПАРЫ
## ПЛАН НАУЧНЫХ ПУБЛИКАЦИЙ

| № | Жарияланымның аты<br>Наименование публикаций | Журнал (газет,жинақ)<br>Журнал (газета, сборник) | Мерзімі<br>Сроки | Көлемі<br>Объем п.л |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |

## VI. ТАҒЫЛЫМДАМАДАН ӨТУ ЖОСПАРЫ
## ПЛАН ПРОХОЖДЕНИЯ СТАЖИРОВКИ

| № | Тағылымдама бағдарламасы<br>Программа стажировки | База | Мерзімі<br>Сроки | Есеп беру нысаны<br>Форма отчетности |
|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | |

Магистранттың жұмыс жоспары кафедра мәжілісінде қарастырылған және бекітілген «_____» _____ 20 ___ ж. № _____ хаттама.
План работы магистранта рассмотрен и утвержден на заседании кафедры протокол № _____ от «____» _____ 20__ г.

Факультет деканы
Декан факультета: _____
*Подпись, уч. степень, уч. звание, Ф.И.О.*

Кафедра меңгерушісі
Заведующий кафедрой: _____
*Подпись, уч. степень, уч. звание, Ф.И.О.*

Ғылыми жетекшісі
Научный руководитель: _____
*Подпись, уч. степень, уч. звание, Ф.И.О.*

Магистрант: _____
*Подпись, Ф.И.О.*

## VII. ӨЗГЕРІСТЕР/ҚОСЫМШАЛАР
## ИЗМЕНЕНИЯ/ДОПОЛНЕНИЯ

| № | Өзгерістер/қосымшалар<br>Изменения/дополнения | Бұйрық<br>Приказ |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

Магистранттың жеке жұмыс жоспарына өзгерістер/қосымшалар кафедра мәжілісінде қарастырылды және бекітілді «_____» _____ 20 ___ ж. № _____ хаттама.
Изменения/дополнения в индивидуальный план работы магистранта рассмотрены и утверждены на заседании кафедры протокол № _____ от «____» _____ 20__ г.

Факультет деканы
Декан факультета: _____
*Подпись, уч. степень, уч. звание, Ф.И.О.*

Кафедра меңгерушісі
Заведующий кафедрой: _____
*Подпись, уч. степень, уч. звание, Ф.И.О.*

Ғылыми жетекшісі
Научный руководитель: _____
*Подпись, уч. степень, уч. звание, Ф.И.О.*

Магистрант: _____
*Подпись, Ф.И.О.*

## VIII. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ/ ЖОБА АЛДЫН АЛА ҚОРҒАУ
## ПРЕДВАРИТЕЛЬНАЯ ЗАЩИТА МАГИСТЕРСКОЙ ДИССЕРТАЦИИ/ПРОЕКТА

Кафедра

Күні, айы, жылы /число, месяц, год

Дайындық пайызы
Процент готовности_____
Хаттама
Протокол № _____ «___»_____ 20_____г.

Кафедра меңгерушісінің қолы
Подпись заведующего кафедрой _____ _____
Факультет деканының қолы
Подпись декана факультета _____ _____

## IX. МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ/ ЖОБА ҚОРҒАУ
## ЗАЩИТА МАГИСТЕРСКОЙ ДИССЕРТАЦИИ/ПРОЕКТ

Кафедра

Күні, айы, жылы /число, месяц, год

Бағасы
Оценка _____
Хаттама
Протокол № _____ «___»_____ 20_____г.

Кафедра меңгерушісінің қолы
Подпись заведующего кафедрой _____ _____
Факультет деканының қолы
Подпись декана факультета _____ _____

**Н.СДД-7.5-2026-01-02 (міндетті)**

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

| Лауазымы | Аты-жөні | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| ТжӘЖж проректор | Бердіғалиұлы С. | 12.10.2026 | |
| СДД Директоры | Оразалина Д.К. | 12.10.2026 | |
| СМЖ бөлімінің басшысы | Эрнст А. | 12.10.2026 | |
| ББББ басшысы | Баядилова Б.М. | 12.10.2026 | |
| ЖОКББ басшысы | Жунусбекова Г.Ж. | 12.10.2026 | |

**Н.СДД -7.5-2026-01-03 (міндетті)**

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

| Лауазымы | Аты-жөні | Күні | Қолы |
|---|---|---|---|
| ЖОКББ басшысы | Жунусбекова Г.Ж. | 12.10.2026 | |
| ЖОКББ ксет. маманы | Уркешова А.Б | 12.10.2026 | |
| ЖОКББ маманы | Табылды Ә.Ғ. | 12.10.2026 | |
| ТФ деканы | Сарсуаки Ж.Е. | 12.10.2026 | |
| "ЭжБ" фак. деканы | Мазын М.К. | 12.10.2026 | |
| "ИжАТФ" деканы | Серимбетов Б.А. | 12.10.2026 | |
| "ТжС" каф. мең. | Маманова Н.С. | 12.10.2026 | |
| "ЖӨТжД" каф. мең. | Жоғабергенова Ж.Д. | 12.10.2026 | |
| "ЭИжТТТ" каф. мең. | Нуртай Ж.Т. | 12.10.2026 | |
| "Туризм және сервис каф.мең. | Жунусова Ә.Ә. | 12.10.2026 | |
| "Менеджмент" каф.мең. | Әбдилдинова Н.Е. | 12.10.2026 | |
| "Эж Ж" каф. мең. | Бекбусинова Г.Ж. | 12.10.2026 | |
| "МжШТ" каф.мең. | Канафиева Ж.Ж. | 12.10.2026 | |
| "IT" каф. мең. | Абдукаримова Ә.Ә. | 12.10.2026 | |
| "ЖИжА" каф. мең. | Әжиев Ж.М. | 12.10.2026 | |
| "ЭЖТ" каф. мең. | Магауенов Ф.Ғ. | 12.10.2026 | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

Н.СДД-7.5-2026-01-04 (міндетті)

## ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

| Өзгерту нөмірі | Өзгерту туралы хабарлама нөмірі | Парақтардың (беттердің)нөмірі | | | | Барлық парақтар (өзгерістер ден кейін) | Енгізу күні | Өзгерістер енгізуді жүзеге асырат ын адамны н аты - жөні | Өзгерісте рді енгізген адамнын қолы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | өзгертілген | ауыстырылды | жаңа | жойылған | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | |

Н.СДД-7.5-2026-01-05 (міндетті)

## МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ ЖАЗБАЛАРЫ ПАРАҒЫ

| Тексеріс күні | Тексерген адамнын аты – жөні | Тексерген адамнын қолы | Ескертулерді тұжырымдау |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |